

Кеден одағының "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 018/2011) өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 19 мамырдағы № 86 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 29-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 877 шешімімен қабылданған Кеден одағының "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 018/2011) 34-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"1958 жылғы Келісімнің уағдаласушы тарапы болып табылмайтын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағында тіркелген өнімді дайындаушылар бұрын осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалаудан өтпеген көлік құралының (шассидің) үлгісіне жататын көлік құралының (шассидің) сәйкестігін бағалауды жүргізу кезінде 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қоса алғанда осы техникалық регламенттің 35-тармағында көзделген рәсімдерді қолдануға құқығы бар."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді және 2022 жылғы 19 мамырдан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Б. Сұлтанов	А. Кожошев	А. Оверчук